Рахметова Майрагүл Тілепқызының «Болашақ физика мұғалімдерінің экологиялық құзыреттілігін жетілдіру» тақырыбындағы «8D01501 - Физика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Рахметова Майрагүлдің «Болашақ физика мұғалімдерінің экологиялық құзыреттілігін жетілдіру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы қазіргі педагогикалық жоғары оқу орындарында болашақ физика мұғалімдерін даярлаудың теориясы мен әдістемесінің өзекті мәселелеріне арналған.

Диссертация тақырыбының өзектілігі Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, жаңартылған мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары және халықаралық салыстырмалы зерттеулердің (PISA, TALIS) нәтижелерімен тікелей байланысты. Автор болашақ физика мұғалімдерінің экологиялық құзыреттілігін қалыптастырудағы әдістемелік олқылықтарды және олардың экологиялық дайындығының төмендігін өзекті проблема ретінде ғылыми тұрғыдан негіздеген.

Зерттеу жұмысының мақсаты, нысаны, пәні және ғылыми болжамы өзара логикалық тұрғыдан үйлесімді анықталған. Қойылған зерттеу міндеттері диссертация мазмұнында жүйелі түрде жүзеге асырылған. Жұмыстың теориялық-әдіснамалық негізі отандық және шетелдік жетекші ғалымдардың еңбектеріне (Выготский, Леонтьев, Загвязинский, Ш.А. Амонашвили, Н.В. Кузьмина, В.А. Сластенин, D.H. Jonassen, J. Dewey т.б.), сондай-ақ заманауи физикадан білім беруге баланысты іргелі зерттеулерге сүйене отырып құрылған.

Диссертацияның бірінші бөлімінде Қазақстан мектептеріндегі және ЖОО физиканы оқытудың қазіргі жағдайы жан-жақты талданып, білім беру теңсіздігі, материалдық-техникалық база, мұғалімдердің әдістемелік даярлығы мәселелері ғылыми тұрғыдан негізделген. Сонымен қатар экологиялық құзыреттілікті қалыптастырудың педагогикалық және психологиялық негіздері терең ашылып, оның физиканы оқытудағы мүмкіндіктері дәлелденген.

Екінші бөлімде болашақ физика мұғалімдерінің экологиялық құзыреттілігін жетілдірудің авторлық құрылымдық моделі ұсынылған. Автор проблемалық жағдаят құрастыру, зерттеушілік тапсырмалар жүйесін әзірлеу, сабақ құрылымын ұйымдастыру мәселелерін нақты мысалдар арқылы көрсеткен. Ұсынылған «Қоршаған орта физикасы» элективті курсы мен «Молекулалық физика», «Электр және магнетизм» пәндеріне экологиялық мазмұнды кіріктіру әдістемесінің тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс арқылы дәлелденген.

Үшінші бөлімде ұсынылған модельдің тиімділігі педагогикалық эксперимент арқылы тексерілген. Эксперименттік топтағы студенттердің

экологиялық құзыреттілігі және физикаға деген көзқарасы мен сеніміне әсері эксперименттік түрде зерттелген. Зерттеу нәтижелері статистикалық әдістермен өңделіп, алынған деректердің сенімділігі дәлелденген. Эксперименттік топтағы студенттердің физика және экология бойынша концептуалдық түсінігінің айтарлықтай артқаны, ал аффективтік көрсеткіштердің қысқа мерзімді интервенцияда баяу өзгеретіні ғылыми тұрғыдан негізделген.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы болашақ физика мұғалімдерінің экологиялық құзіретін қалыптастырудың педагогикалық шарттары мен құрылымдық моделі алғаш рет әзірленіп, экологиялық мазмұнды физика пәндеріне кіріктіру әдістемесі ұсынылған. Жұмыстың теориялық маңыздылығы «Тұрақты даму үшін білім беру» тұжырымдамасын педагогикалық тұрғыдан негіздеп, жоғары мектеп педагогикасы мен физиканы оқыту әдістемесінің теориялық қорын толықтырды.

Практикалық маңыздылығы зерттеудің нәтижелері Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің оқу үдерісіне енгізіліп, енгізу актілерімен расталған. Әзірленген оқу құралдары, электрондық оқулықтар, әдістемелік ұсыныстар педагогикалық ЖОО-да және мұғалімдердің біліктілігін арттыру жүйесінде қолдануға ұсынылады.

Диссертацияның негізгі нәтижелері Scopus халықаралық деректер базасына енетін рецензияланатын ғылыми журналдарда 2 мақала, ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚЕК ұсынған отандық ғылыми басылымдарда 4 мақала болып жарияланған. «The development of ecological knowledge and skills in teaching physics courses» монографиясы және 2 оқу құралы баспадан шыққан. Докторанттың ғылыми жарияланымдарының жалпы саны ҚР БҒМ талаптарына толық сәйкес келеді.

Жалпы алғанда, Рахметова Майрагүлдің диссертациялық жұмысы философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді, ал автор аталған ғылыми дәрежені алуға лайық деп есептеймін.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау
университетінің қауымд.профессоры, п.ғ.к.: Абыканова Б.Т.

Абыканова Б.Т.
(қолдарын) растаймын
Персоналды басқару және дамыту бөлімінің
бастығы
«22» 06 2026 ж.

ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ БӨЛІМІ